

Құрманбайұлы Шерубай*¹

Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4587-4452

ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ ОРТАҚ ТЕРМИНҚОРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Аңдамна. Мақалада түрік тілдерінің ортақ терминқорын қалыптастырудың тарихи алғышарттары, теориялық негіздері және оны жүзеге асырудың практикалық жолдары қарастырылады. Зерттеу ХХ ғасыр басындағы түркітанулық ізденістерге, 1924 жылғы Орынбордағы қазақ білімпаздарының съезі мен 1926 жылғы Баку түркология съезінің материалдарына сүйенеді. Кеңестік тіл саясатының түрік халықтарының әліпбиіне, емлесіне және терминологиялық жүйесіне тигізген ықпалы талданып, ортақ терминқор жасаудың кешеуілдеу себептері айқындалады. Қазақ, әзербайжан және өзге түрік халықтарының терминжасам ұстанымдары салыстырылып, жалпытүріктік терминологиялық қорды толықтырудың ішкі және сыртқы көздері сараланады. Сонымен бірге ортақ терминдерді іріктеу, біріздендіру, бекіту және стандарттау тетіктері ұсынылады. Зерттеу нәтижелері жалпытүрік ғылыми кеңістігін кеңейтуге, туыс халықтардың өзара түсінісуін күшейтуге және ғылым тілін үйлестіруге негіз болады. Автор бұл үдерістің табысы терминқор қалыптастырудың ортақ қағидаттары мен тұрақты институционалдық үйлестіруге тәуелді екенін көрсетеді. Сондықтан мәселе халықаралық деңгейде жүйелі және келісілген түрде қарастырылуы қажет.

Кілт сөздер. Түрік тілдері, терминология, жалпытүрік терминқоры, терминжасам, терминалмасым, ғылым тілі, түркітану.

Курманбайұлы Шерубай*¹

Доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4587-4452

ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ОБЩЕТЮРКСКОГО ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОГО ФОНДА

Аннотация. В статье рассматриваются исторические предпосылки формирования общего терминологического фонда тюркских языков, его теоретические основы и практические пути реализации. Исследование опирается на тюркологические изыскания начала ХХ века, а также материалы съезда казахских ученых в Оренбурге 1924 года и Бакинского тюркологического съезда 1926 года. Анализируется влияние советской языковой политики на алфавит, орфографию и терминологическую систему тюркских народов, а также выявляются причины замедления процесса создания общего терминологического фонда. Сопоставляются принципы терминообразования в казахском, азербайджанском и других тюркских языках, а также систематизируются внутренние и внешние источники пополнения общетюркского терминологического фонда. Наряду с этим предлагаются механизмы отбора, унификации, утверждения и стандартизации общих терминов. Результаты исследования способствуют расширению общего тюркского научного пространства, укреплению взаимопонимания между

родственными народами и гармонизации языка науки. Автор подчеркивает, что успех данного процесса зависит от единых принципов и устойчивой институциональной координации, поэтому данный вопрос должен рассматриваться на международном уровне системно и согласованно.

Ключевые слова. Тюркские языки, терминология, общетюркский терминологический фонд, терминообразование, язык науки, тюркология.

Kurmanbaiuly Sherubay*¹

Doctor of Philology, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-4587-4452

FOUNDATIONS OF FORMING A COMMON TERMINOLOGICAL CORPUS OF TURKIC LANGUAGES

Abstract. The article examines the historical prerequisites for the formation of a common terminological fund of Turkic languages, its theoretical foundations, and practical approaches to its implementation. The study is based on early 20th-century Turkological research, as well as the materials of the 1924 Congress of Kazakh Scholars in Orenburg and the 1926 Baku Turkological Congress. It analyzes the impact of Soviet language policy on the alphabets, orthography, and terminological systems of Turkic peoples, and identifies the reasons for the delayed development of a common terminological fund. The principles of term formation in Kazakh, Azerbaijani, and other Turkic languages are compared, and the internal and external sources for enriching the common Turkic terminological fund are systematized. In addition, mechanisms for the selection, unification, approval, and standardization of common terms are proposed. The results of the study contribute to the expansion of the shared Turkic scientific space, enhance mutual understanding among related peoples, and support the harmonization of the language of science. The author emphasizes that the success of this process depends on common principles and consistent institutional coordination; therefore, the issue should be addressed systematically and collaboratively at the international level.

Ke ywords. Turkic languages; terminology; common Turkic terminological corpus; term formation; scientific language; Turkology.

Кіріспе. Түрік текті халықтардың ынтымағын, рухани-мәдени бірлігін нығайтуда тілдің алатын орны айрықша. Шыққан тегі бір туысқан халықтардың бір-біріне жақын немесе жат болуына олардың тілдерінің қай бағытта дамығандығы да тікелей ықпал етеді. Ерте заманда түбі бір болған тілдердің әрқайсысы тарих көшінде дербес дамып, аралары алшақтай түскен сайын сол тілде сөйлейтін халықтардың да түсінісу деңгейі әлсірей береді. Тіл таным мен қарым-қатынас құралы болғандықтан олардың арасындағы айырмашылықтар ұлғайған кезде сол тілде сөйлеушілердің таным-түсінігінде өзгерістер пайда болып, қарым-қатынасы мен түсінісуі де қиындай түседі. Түрік текті халықтар тілінен де осы үрдіс анық байқалады. Мұндай үрдістің белең алуына мүдделі сыртқы тараптар да әр дәуірде болды. Түрік текті халықтардың тіл, дін, салт-дәстүр бірлігі, туыс жұрттардың саяси-экономикалық, тарихи-мәдени негіздегі бірлігінің күшеюі оларды билеп, жері мен табиғи ресурстарына иелік етуіне зор кедергі болар еді. Сондықтан да әсіресе совет одағы билігі түрік текті халықтарға қатысты да басқарудың «бөліп ал да билей бер» қағидатын жақсы пайдаланды. Бұл қағидат тіл

саясатында да мақсатты түрде қолданылды. Советтік түріктерді Түркиядан бөліп тастаудан бастап, одақ құрамындағы түріктердің әдеби тілін, әліпбиін, терминологиясын, емлесін бір-бірінен ажыратып, олардың донор тіл, үлгі тіл ретінде орыс тіліне жүгінуіне теориялық, заңнамалық негіз жасалды. Соның салдарынан советтік кезеңде түрік халықтарының ортақ әліпби түзу, өзара терминалмасу арқылы ортақ терминқор қалыптастыру, жалпытүріктік жазба тілді (шағатай тілін) бірлесіп пайдалану, оны жаңғыртып жаңаша дамыту мүмкіндіктері шектелді. Осының бәрі түрік текті халықтардың тілдерінің ғана емес, көне ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан тарихи-мәдени, рухани бірлігінің, түріктік сананың да әлсіреуіне әкеп соқты. Ол кезең өтті. Түрік жұрты қазір бірнеше тәуелсіз, дербес мемлекет ретінде өздерінің экономикалық және рухани-мәдени даму бағыттарын белгілеп, өзара қарым-қатынастарын да ортақ мүдделеріне сай орнату мүмкіндігіне ие болды. Біз түркі халықтарының бірлігін, ғылым-білім, экономика және басқа да салалардағы ынтымақтастықты нығайтуды коздейтін болсақ, онда ендігі жерде қазіргі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, тілдік байланыстарымызды күшейтіп, түрік тілдерін жақындастыру мен жалпытүріктік мұраларымызды бірлесе іске жарату, ортақ сөздік қорымызды молайту бағытында жаңа деңгейге көтеруге міндеттіміз. Бұл бәріміз үшін де өте маңызды міндет.

Мұндай міндетті қалай орындаймыз деген мәселеге келсек, бұл істе де біздің түрік жұртының тірек етіп алар негіздері де, тарихи бастаулары да бар. Түрік тілдерін түлетуді көздеген алқалы жиын, келелі кеңестер де болды. Солардың қатарына 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезі мен 1926 жылы Баку қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық түркология съезін жатқызуға болады. Алғашқысында қазақ тілінің мәселелері жан-жақты сөз болса, екіншісінде бүкіл түркі жұртының тілдерін дамыту жайы кеңінен талқыланды. Бұған себеп болған, мүмкіндік берген советтік тіл саясатындағы жылымық еді. *(Бұл шынымен жылымық па, жоқ әлде республикалардағы ұлтшылдарды анықтап алу үшін арнайы жасалған арандату саясаты ма, оны да тереңірек зерттеу қажет – ШҚ.)*

1923 жылдың 17-25 сәуірі аралығында Мәскеуде ВКП (б)-ның XII съезі өтті. Осы съезде И.Сталин: «Совет үкіметі бізде тек орыстікі ғана болмай, ұлтаралық болуы үшін, Совет үкіметі республикаларда түсінікті әрі өзінікіндей болуы үшін барлық шаралар қолданылсын. Ол үшін тек мектептер ғана емес, барлық мекемелер, барлық партиялық, советтік органдар да, қадам басқан сайын ұлттандырылып, олар бұқараға түсінікті тілде, сол халықтың тұрмыс жағдайына сай қызмет етсін» [1, 492 б.] – деді.

XII съезі өте салысымен 1920-1930 жылдары Совет одағында жүргізілген «коренизация» («Коренизация» саясаты Қазақ АССР-нда «қазақтандыру» деген атпен жүргізілді. 1920-1930 жылдардағы «коренизация» (қазақтандыру) – басқару жүйесіне жергілікті кадрларды тартуға, ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізіп, ұлт мәдениетін көтеруге бағытталған мемлекеттік саясат. Ұлттық әдеби тілді қалыптастыру, қазақ тіліндегі ғылыми-танымдық, оқулық әдебиеттерді, газет-журналдарды шығару да осы саясат аясында жүзеге асырылды) саясаты жүзеге асырыла бастады. Қазақ тіл білімінің, түркітанудың тарихында айрықша орны бар жоғарыда аталған екі съезд дәл осы кезеңде қазақтандыру (коренизация) алғашқы жылдарында өткен еді. Көп ұзамай-ақ коренизация саясатының бағыты қайтадан ұлтсыздандыруға, орыстандыруға бет бұрды. Бұл жөнінде совет одағының 20-жылдардағы «коренизация» саясатын зерттеген қытай ғалымы Лю Сяньчжун былай деп жазады: «Біртұтас елде жекелеген бір халыққа арқа сүйеп, сол халықтың өкілдеріне айрықша әлеуметтік мәртебе беруге жол беруге болмайды, азаматтық теңдік пен саналылыққа тәрбиелеу өте маңызды» [2, 47 б.]

Ал советтік билік біртұтас империяның барлық ұлттарын бір тілде сөйлейтін, орыстілді совет халқын қалыптастыру курсына таңдады. Барлық ұлттық республикаларды

жергілікті ұлттық кадрлар сынға алынып, қуғынға ұшырай бастады. Қазақстанда 1926 жылы қазақтың көрнекті мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев «ұлтшылдығы», «ұлтшылдарды қолдаушы» ретінде қатаң айыпталды. 1929 жылы алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытовтар тұтқындалды. Осылай жалғаса келіп, 1937-38 жылдары ұлттың бүкіл басқарушы элитасы мен зиялылары атылып, жер айдалып, қуғын-сүргін құрбаны болды. Алайда осы аз уақытта олар жанкештілікпен еңбек етіп, қыруар іс бітірді. Олар ұлт мектебінің, ұлттық ғылымның, ұлт баспасөзі мен театрының, әдебиетінің, әдеби тілі мен ғылым тілінің негізін қалап кетті.

Совет одағы ыдыраған 90-жылдардың басынан бастап, түрік халықтары ортақ әліпби, жалпытүрік терминологиялық қорын қалыптастыру мәселесін қайта көтеріп, түріктанушылар, түрлі сала ғалымдары жиі бас қосып, ғылыми, мәдени ынтымақтастықты тереңдете түсу қажеттігін сөз етіп келеді. Мұндай іске кіріскенде ең алдымен түркітанудағы осыған дейінгі ғылыми ізденістер, зерттеулер мен отандық, халықаралық тәжірибе сөзсіз ескерілуі керек. Бұл тұрғыдан келгенде түркітанушылардың өткен ғасыр басындағы атқарған істері мен ізденістері ерекше назар аударуды қажет етеді. Сондықтан **жалпытүрік терминқорын** (жалпытүрік терминқор – барлық түрік халықтары бірдей қолданатын ғылыми терминдер) қалыптастыру мәселесін сөз еткенде біз сол кезең тәжірибесі мен ізденістерін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

XX ғасыр басында түркітану бағытындағы ғылыми ізденістер жанданып, жалпытүрік әдеби тілін, түрік әліпбиін, түрік халықтарына ортақ терминқор қалыптастыру мәселелері, түрік тілдерін оқытудың әдістемесі зерттеле бастады. Пән оқулықтары жазылып, терминологиялық сөздіктер жарық көрді, терминологиялық жұмыстарды жүргізетін құрылымдар пайда болды. Түрік текті халықтардың өз республикаларында атқарған істерінің алғашқы тәжірибелері мен зерттеулерінің нәтижелері 1926 жылы Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркология съезінде [3] ортаға салынды. Бұл аты айтып тұрғандай бүкіл белгілі ғалымдардың, ең көрнекті түркітанушылардың басын қосқан шын мәніндегі бірінші ғылыми жиын еді. Негізінен түрік халықтарының тілі мен мәдени жаңғыруына арналған осы мәртебелі ғылыми жиында терминология мәселесі арнайы сөз болды. Онда сөйленген сөздер мен жасалған баяндамаларда эзербайжан, қазақ, түрік, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, қырым татарлары тілдерінің терминологиясы, ғылым тілінің жай-күйі жан-жақты қарастырылды. Съездің 2 наурыз күнгі 8-ші және 9-шы отырыстарында түрік терминологиясының мәселелері арнайы сөз болды. Белгілі түрколог ғалымдар А.Р. Зифельдт-Симумяги (Баку), Б.В.Чобанзаде (Баку), Х.Б.Зейналлы (Баку), Х.А.Одабаш (Қырым татары, Симферополь), А.Байтұрсынұлы (Қазақстан), Г.К.Максудов (Татарстан) баяндама жасады. Б.Сүлеев (Қазақстан), Х.Ғабитов (Башқұртстан), Ш.Манатов (Башқұртстан) жарыссөзге шығып, пікірлерін айтты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу материалы ретінде түрік тілдерінің терминологиясына қатысты тарихи және қазіргі ғылыми еңбектер, соның ішінде 1924 жылғы Орынбордағы қазақ білімпаздарының съезі мен 1926 жылғы Бірінші бүкілодақтық түркология съезінің материалдары, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Б.В.Чобанзаде, Х.Зейналлы және басқа ғалымдардың еңбектері алынды. Сонымен қатар қазіргі түрік тілдеріндегі терминдік қолданыстар мен тарихи жазба мұралардағы тілдік деректер пайдаланылды.

Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық, сипаттамалы және семантикалық талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер арқылы түрік тілдеріндегі термин қалыптастыру қағидаттары, термин көздері, олардың өзара ұқсастықтары мен

айырмашылықтары сараланды. Зерттеу нәтижесінде жалпытүрік терминқорын қалыптастырудың ғылыми негіздері, негізгі көздері мен ұйымдастыру тетіктері жүйеленді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бас баяндамашы профессор А.Зифельдт-Симумяги «Түрік тілдерінде ғылыми терминологияны түзудің қағидаттары туралы» (О принципах образования научной терминологии в тюркских языках) деген тақырыпта баяндама жасады.

А.Р. Зифельдт-Симумяги сөзінің басында бұрынғы тіл білімі мен советтік жаңа тіл білімінің ерекшеліктеріне тоқталды. Түрік тілдерінде сөйлейтін халықтар тұратын советтік республикаларда халық ағарту комиссариаттары жанынан грамматика мен терминологияны жасайтын мемлекеттік терминологиялық және басқа да комиссиялар жұмыс істей бастағанын айта келіп, олардың жұмысы комиссия мүшесі болып жүрген жергілікті халықпен үнемі тығыз байланыста бола бермейтін ғалым, әдебиетшілерге, ұлттық кадрларға ғана тәуелді болмауы үшін, жұмыс ашық, жария түрде жүргізілуі керектігін ескертті. Қандай да бір жаңа термин мен грамматикалық ережені бекітпес бұрын оларды баспасөз бетінде жариялап, мүдделі тараптар мен көпшілікке таныстыру арқылы осы комиссиялар өздерін әртүрлі қателерден сақтандыратына тоқталды.

Ал түрік халықтарының әдеби тілдерін қалыптастырғандағы ұстанған бағыттары жөнінде А.Р. Зифельдт былай дейді: «Түріктілі халықтар ортасындағы көпшілігінің әдеби тілінің дамуына қатысты біз оларды негізгі 4 ағымға бөлеміз. Қиындатпау үшін шартты түрде біз олардың біріншісін – панисламистер, екіншісін – европаландырушылар, үшіншісін – пантүркистер және төртіншісін – халықшылдар (демократтар) деп атаймыз» [3, 243 б.].

А.Зифельдт бұл ағымдардың ерекшеліктеріне тоқтала келіп, қарапайым халықтың сөйлеу тіліне жақын әдеби тіл түзу үшін ең дұрыс жол халықшыл демократтардікі екенін айтады. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде бекітілген, Баку съездегі баяндамасында А.Байтұрсынұлы түркі жұртына ұсынған қағидаттарды сараптар болсақ, А.Зифельдт анықтауы бойынша қазақ оқығандары ұстанымы тұрғысынан халықшыл демократтар ағымына жатады. Өйткені олар әдеби тілді қалыптастыруда да, ұлттық терминқорды түзуде де ең алдымен халық тілін негіз етіп алады.

Съездегі «Ғылыми терминология жүйесі туралы» (О системе научной терминологии) деп аталатын екінші баяндаманы профессор Б.В.Чобанзаде жасады. Осы съездегі ең бір ғылыми негізді, жүйелі жасалған баяндама профессор Б.В.Чобанзаденікі болғанын атап айту қажет. Ғалым терминологияны қалыптастыруда назарға алынуға тиіс үш ортақ негіз (база) бар екені айта келіп: «Мен мынадай – жалпытүріктік, араб-парсылық және еуропалық үш негізді бөліп көрсетемін» [3, 251 б.] – дейді.

Профессор Б.Чобанзаденің бас баяндамашы А.Зифельдтен басты өзгешелігі – араб пен парсы тілдерін терминология қалыптастырудың бір көзі ретінде тануы. Ол бұл тілдерден енген руханият сөздері түркі тілдеріне әбден сіңді, сондықтан оларды тілде қалдырған дұрыс деп санайды.

«Біздің тілдерімізді тек жалғамалылық (агглютинация) немесе үндестік заңы (сингармонизм) тұрғысынан анықтауға болмайды, бұлар біздің тіліміздің бөліктері ғана болса керек. Тіпті, мен айтар едім, мейлінше таза тіл саналатын қазақ тілінде де өзінікіндей болып кеткен шеттілдік жат элементтер өте мол. Бізде таза түрік тілдеріне тән жалғамалылық немесе үндестік заңын араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер бұзған. Осы кірме сөздерді қосып тұтастай алғанда біздің тіліміз таза түрік тілі емес, сондықтан да ол жалғамалылық пен үндестік заңының негізгі ережелеріне толығымен бағынбайды» [3, 250 б.] – деген тұжырым жасайды.

Ғалым «біздің тіліміз таза түрік тілі емес», оның негізгі заңдарын араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер бұзғандықтан жалғамалылық пен сингармонизмді оның қазіргі сипаты ретінде тану жеткіліксіз деген тоқтамға келіп отыр. Ал қазақ ғалымдары бұл пікірмен толық келіспейді. Қазақ оқығандарының жалғамалылық пен сингармонизм туралы пікірі басқашалау.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңын арнайы зерттеген қазақ ғалымы Халел Досмұхамедұлы: «Сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Істамбұл түріктері, Қазан ноғайы, сарт-өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан, осы айрықша қасиетінен айрылып қалып отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр [4, 139 б.]. Сингармонизм заңы – жаңғыз қазақ тілінің емес, түрік тілінің заңы, тек түрік тілінің емес, орал-алтай тобына кіретін тілдердің заңы» [4, 153б.], – деп жазады.

Б.В.Чобанзаде мен Халел Досмұхамедұлының түрік тілдерінің кірме сөздерді көп қабылдап өзгеріске ұшырағаны туралы пікірлері бір жерден шығады. Алайда Х.Досмұхамедұлының сингармонизм заңы қазақ-қырғыз тілдерінде қазір де сақталып отыр деген пікірі Б.В.Чобанзаде пікірімен үйлеспейді. Осындай пікірді алаш оқымыстысы А.Байтұрсынұлы да айтады: «Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап өскенде, тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің бас қалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандық. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әр түрлі халық бен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінен түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған» [5, 60б.]. «Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, тұзу емлесі қазақта» [5, 63б.]. «Түріктің тұнық тілін, тұзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып, соған қарап басқа емлелерді түзету керек» [5, 65б.].

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Шора» журналының 4-санында (110-113 б.) жарық көрген «Қазақша сөз жазушылар диқатына» деген мақаласында: «Басқаларда дайар емле бар ғой, соны алайық деп, қисық емлеменен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай, харіфтің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тіл мен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз» [5, 64-65-б.] десе, содан он үш жыл өткеннен кейін Бакудегі съезде сөйлеген сөзінде: «Біз сіздер үшін өз шрифтімізді өзгертпейміз» [3, 379 б.] деп, сол ұстанымын тағы да қайталайды.

А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының сингармонизм заңы туралы пікірлері бір жерден шығып тұр. Яғни, мұны қазақ ғалымдарының зерттеу барысында жасаған қорытындысы, жат сөздерді, шет тілдерінен енген кірме терминдерді жазуда келген ортақ ұстанымдары деуге болады.

Осы баяндамасында Б.Чобанзаде: «Мысалы, еуропалық терминологиямен, еуропалық негізде білім алған түрік дәрігері француз немесе ағылшын дәрігерінің рецепті және тілін түсінеді» [3, 249 б.], – дейді.

Бүгін де профессор Б.Чобанзаде айтқандай Еуропада білім алған қазақ немесе түрік дәрігері бірін-бірі түсіне алады. Ал Қазақстан мен Түркияда өз тілдерінде білім алған дәрігерлер бір-бірінің жазған рецептерін, кәсіби тілін түсіне ала ма? Жоқ. Себебі екі түрлі терминология, осы терминдер әркелкілігі салдарынан бір-бірінен тым алшақтап кеткен сала тілі олардың өзара қарым-қатынас жасап, еркін түсінісуіне мүмкіндік бермейді. Тек медицина ғана емес, математика, физика, лингвистика, биология,

экономика, құқықтану сияқты көптеген арнаулы салалардағы жағдай осындай. Осы салалардың мамандары бас қоса қалса, олар да бірін-бірі еркін түсіне алмайды. Негізінен мұндағы тілдік бөгетті күшейтіп, түсінісуді қиындатып тұрған – терминология бөлектігі. Қазіргі түрік тілдері терминжүйелерінің ортақтығынан гөрі айырмашылығы әлдеқайда басым. Сондықтан да түркі терминологиясының жағдайы, түріктілді елдер мамандардың өзара түсінісу дәрежесі ХХ ғасыр басындағыдан көп күрделі. Ендеше қазіргі уақытта кешіктірмей күн тәртібіне қойып, бірлесіп шешетін басты мәселенің бірі – түрік тілдерінің терминологиясын біріздендіріп, жалпытүрік терминқорын қалыптастыру болуы керек.

Одан кейінгі баяндамаларды Х.Зейналлы мен Х. Одабаш жасады. Х.Зейналлы Әзербайжанда терминологияны қалыптастыруда ұстанып отырған қағидаттарды атап көрсетті. Олар 1924 жылы қазақ оқығандары съезде бекіткен қағидаттарға жақын болғанымен біршама айырмашылықтары да бар. Оларды төмендегі кестеден коруге болады (1-кесте).

Кесте 1 – ХХ ғасыр басындағы қазақ және әзербайжан терминология қағидаттарының айырмашылықтары

Әзербайжан қағидаттары (Х.Зейналлы)	Қазақ қағидаттары (А.Байтұрсынұлы)
а) Араб, парсы сөздерінен бұрын ең алдымен жалпыға түсінікті түрік сөзін термин ретінде алу.	а) Басқалардан бұрын ең алдымен термин ретінде сол ұғымды дәл беретін қазақ сөзін алу.
ә) Жалпыға түсінікті түрік сөзі болмаса, көпшілік қабылдаған араб, парсы сөздерін түрік грамматикасының ережелеріне бағындырып алу.	ә) Қазақ тілінде ондай сөз табылмаған жағдайда қажет сөзді қазақ тіліне туысқан тілдерден алу.
б) Еуропа тілдерінің көбінде қолданылатын сөздер аударылмай француз немесе итальян тіліндегі айтылымына сәйкес қабылдау.	б) Жалпықолданыстағы әлемдік терминдер қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертіліп қабылдана алады. Оларды алмастыра алатын қазақ сөзі болған жағдайда қоғамға таңдау құқығын беру үшін екеуі қатар берілуі керек. Біз қазір Еуропа мәдениетіне бет бұрып отырғандықтан олардың сөздерін араб сөздерінен бұрын қабылдаймыз.
в) Сөзбе-сөз аудармалар жасамау және түсініксіз жаңа сөздер туғызбау.	в) Қазақ тілінің табиғатына бағынбайтын өзге тілдердің барлық сөздері дәл қазақ айтылымына сәйкес өзгертілуі қажет.

ХХ ғасыр басында жасалып, басшылыққа алынған қазақ пен әзербайжан терминология қағидаттары негізінен сәйкес келгенімен, кейбір айырмашылықтары да бар. Олар мыналар: 1. Әзербайжан қағидатында термин ретінде бірінші кезекте түрік сөзін алу керек деп тұрса, қазақ қағидатында – қазақ сөзіне басымдық беріледі; Ал түрік сөзіне екінші орын беріледі. 2. Әзербайжанда – араб-парсы тілдері (сөздері) термин көзі ретінде көрсетілсе, қазақтарда ол көз Еуропа тілдері сөздерінен кейін ғана қабылданатын көз ретінде үшінші қағидатта көрсетіледі. 3. Әзербайжан қағидатында араб-парсы сөздері түрік грамматикасына сәйкестендіріліп алынып, Еуропа сөздері түпнұсқа тілдегі айтылымы бойынша аударылмай алынсын делінсе, қазақ қағидатында – барлық шет тілдерінің сөздері (Еуропа, араб-парсы және т.б.) қазақ тілінің табиғатына сай өзгертілсін делінеді. 4. Әзербайжандарда – сөзбе-сөз аудармау, жаңа сөз жасамау керек

делінсе, қазақта – ондай тыйым жоқ. Дәлірек айтқанда, қазақ сөздері негізінде жаңа термин жасауға толық мүмкіндік берілді. XX ғасыр басында қазақ оқығандары жүздеген жаңа терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізді.

Баку съезінде араб, парсы сөздерін түрік тілдерінде қалдыру-қалдырмау мәселесі көп талқыға түсті. Бас баяндамашы Зифельдт: «Енді араб және парсы сөздеріне қатысты. Мен бұл сөздерге қарсымын. Мен бұлар діннен қалған мұра, басқа түк те емес, сондықтан түрік тілдерінде тек діни ұғымдарды білдіретін терминдерді ғана қалдырған жөн деп санаймын» [3, 248 б.]. Б.Чобанзадениң араб, парсы тілдерін термин алып келген сыртқы көз ретінде танығаны жоғарыда айтылды. Ал қазақ ғалымы Елдес Омарұлыны: «Араб сөздерін тастап немесе түрік тілдерінің грамматикасына сәйкес қайта жасау бұрын да түрік тілдерінің кезек күттірмейтін міндеті болған және қазір де солай» [3, 433 б.]; «Түрік тілдерін біріктірудің бірінші қадамы – араб пен парсы сөздерін жойып, ортақ терминдер жасау. Бізді тек терминдер боліп тұр» [3, 434 б.], – деді.

Елдес араб, парсы сөздері түрік тілдерінің арасын ажыратушы фактор, олардан арылу керек дегеніне қарамастан Бірінші түркология съезінің қарарында көпшілік қабылдаған араб-парсы терминдері түрік тілдері грамматикасына сай өзгертіліп қалдырылады деп көрсетілді. Қазақ тілінен оларды біржола аластау мәселесі түбегейлі қойылған жоқ. Қазақ тілінің терминология қағидаттарында да оларды тек тіл табиғатына сәйкес өзгертіп жазу қажет деп көрсетілді. Совет кезеңінде қазақ тіліне бұрын енген жүздеген араб, парсы сөздері жаппай қолданыстан шығарылған жоқ, негізінен сақталып қалды. Өнімді термин көзіне айналып кетпегенмен 90-жылдардан кейінгі тәуелсіздік кезеңінде де *әліпби (алфавит)*, *мәтін (текст)*, *ақпарат (информация)*, *әділет (юстиция)*, *ұжым (коллектив)*, *құзыр (компетенция)*, *ғарыш (космос)*, *тәркілеу (конфискация)*, *мұрағат (архив)* сияқты бұрын тілде қолданылған бірқатар араб, парсы сөздері терминденіп, белсенді қолданысқа көшті. Қазақтың өз сөзіне айналып кеткен басқа да мыңдаған араб, парсы сөздері лексикалық қорымызда қала бермек.

Жалпытүріктік терминқор түзуге қатысты айтылған тағы бір ерекше ұсыныс – тілдердің туыстық жақындығы ескерілген *топтық терминология* құру. Чобан-Заде II сатыдағы мектепке арналған терминологияны түзуде тілдік топтарды негізге алуды ұсынады: «Мысалы, қазақ немесе башқұрт тілдері бір-бірінен өзара термин алуы керек. Сондай-ақ қазақ терминологтары олардың тілдерінің өзбек диалектісімен байланысын ұмытпауы тиіс. Сол сияқты эзербайжан терминологтары осман терминологиясына назар аударуы қажет» [3, 253 б.] десе, қосымша баяндамашы Зейналлы: «Басты үш-төрт түрік наречиясына (диалектіліріне) арналған топтық терминология қалыптастыру мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды, қалған шағын топтардың (подгруппы) барлығын солар үйлесетін тармақтардың бірімен байланыстыруға болады» [3, 225б.], – деген пікір айтады.

Бұл ұсынысты қолдаған Х.Одабаш, Н.Төрөқұлов және басқа да ғалымдар болды. Алайда XX ғасыр басында да, одан кейін де оғыз тобына немесе қыпшақ тобына жататын туыстығы жақын тілдер арасында өзара терминалмасым үдерісі қарқынды жүргізіліп, жүйелі түрде жүзеге аспады. Өйткені 30-жылдардан кейін совет одағы құрамындағы түріктердің терминжасам, терминалмасым үдерісін Мәскеу белгіледі. Олардың термин алатын, терминқорын толықтыратын негізгі көзі орыс тілі болды. Сондықтан да олардың терминологиясында бір-бірінен алмасқан түрік сөздері емес, орыс тілінен алынған бәріне ортақ орыс терминдерінің саны күрт өсті. Ал Түркиямен тілдік байланыс, терминалмасым мүлдем үзілді. Соған қарамастан анадолы түріктері совет одағы құрамындағы түрік халықтары тілдерінен кейбір сөздерді термин ретінде алып отырды.

Түркия ғалымдары өз бастамаларымен түрік тілдерінен және ортақ жазба ескерткіштерден қолданысқа ұсынған сөздердің көбі түрік тілде термин ретінде әбден

орнықты. Сондай терминдердің ішінде *yasa* «заң, жарғы» жаңа термині көне түркі тіліндегі және қазіргі түркі тілдерінде сақталған *yasak* (жасақ) сөзінен алынған. *Eğemen* «билікке ие, үстем» термині де Орта Азия түркі тілдеріндегі *ege* «ие» сөзінен алынып жасалған. Сондай-ақ, түрік тілінде *kural* «ереже, қағида», *serüven* «саяхат, шытырман оқиға, қызықты серуен», *kurultay* «құрылтай, үлкен масштабты конференция», *odak* «негізгі нүкте, орталық», *saylav* «сайлау, депутат» терминдерін Анадолы түріктері ХХ ғасыр басында Орта Азия елдерінен алғаны айтылады. Түркі тілінде ежелден бері «бай, ауқатты адам, мал-мүлкі түгел» деген мағынада қолданылған *bay* сөзі Түркияда 1934 жылы белсенді термин *beu* сөзіне балама ретінде тіл реформасы аясында қайта енгізілді [6]. Түрік тілінде *subay* деген термин бар, біздегі «офицер» дегенді білдіреді, ол терминнің түркі тілдері және ескерткіштерінен алынғаны айтылады, өйткені Шағатай тіліндегі *subay* сөзі «1) жүксіз, жеңіл, бойдақ; 2) жеңіл атты әскер» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ тілінде *сыбай-салтаң* «бойдақ, жалғыз» қос сөзінде сақталған. Түрік тіліне ең алғаш рет 1935 жылғы сөздікке *subay = zâbit* (офицер) деп енгізілген [6]. Түрік тілінде *şölen* термині «отырыс, кеш, мәдини іс-шара, шеру; ас, той, тамақ берілетін отырыс» деген мағынада жаңа термин болып алынған, ол да қазақ тіліндегі *шүлен тарату* ұғымынан келген. Түрік тіліндегі *yargı* сөзі түркі тілдері мен ескерткіштеріндегі *йарғу* (жарғы) «шешім, үкім, іс, сот» сөзінен қайта бейімделіп алынған деп есептеледі. Осындай түрік тілдерінен алынған терминдер қазіргі түрік тілінде аз кездеспейді.

ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы да, басқа оқығандар да қазақ, қырғыз тілдері үндестік заңы бұзылмаған, жат сөздермен ластанбаған ең таза тілдер деп бүкіл түрік халықтарына мәлімдесе, қазір олай дей алмаймыз. Дәл қазіргі қазақ терминологиясының құрамында сингармонизм заңына бағынбайтын, қазақ тілінің емле ережелеріне сай жазылмайтын жат сөздер өте мол. Жүз жылда қазақ тілі көп өзгерді. Осындай өзгерістер өзге түрік тілдерінде де бар. Ендеше біз түрік тілдерінің тарихи дамуын, өткен кезең тәжірибелерін де ескерумен қатар негізінен әдеби тілдің, ғылым тілі мен терминологияның қазіргі қалпын есепке ала отырып ертеңін жоспарлауға тиіспіз. Түрік халықтары терминологиясының тарихындағы ең маңызды ғылыми жиын болғандықтан да біз Баку съезіндегі көрнекті түркітанушылар арнайы тоқталдық.

Сонымен түрік тілдері терминологиясының өткені мен бүгінін ескере отырып, **ортақ терминдер** (ортақ терминдер – бірнеше түрік тілінде қолданылатын терминдер) қорын молайту арқылы жалпытүрік терминқорын қалыптастыру өте өзекті де, маңызды мәселе болып отыр. Ол үшін бәрінен бұрын жалпытүрік терминқорын қалыптастырудың бағыт-бағдарын анықтап, ұстанатын ортақ қағидаттарды белгілеп алу керек. Сол қағидаттарда түрік тілдерінің терминқорын қалыптастыруға негіз болатын көздерді, терминжасам мен терминалмасым, терминологияны тіларалық біріздендіру, ортақ терминдерді бекіту, стандарттау және басқа да терминологиялық жұмыстарды жүргізу тетіктерін қалыптастырып, сондай арнаулы құрылымдар (институт, өкілетті комитет немесе комиссия (TURTERKOM) арқылы ортақ терминқорды ретке келтіріп, жүйелеп, жетілдіріп отыруға болады. Бұл іс дұрыс жүзеге асса, түрлі тарихи себептермен бір-бірінен алшақтап, тілдерінің айырмашылықтары ұлғайып кеткен туысқан түрік тілдерінің арасы жақындап, түріктердің ғылыми кеңістігі кеңейтіп, алдымен ғылым тілінің сол арқылы әдеби тілдерінің ортақ сипаты арта түседі. Жалпытүрік терминқорын түзуге бірнеше елдің, туысқан халықтың қатысуы, ортақ мүддені терең түсіне отырып келісімге келу арқылы орындалатын мұндай аса ауқымды халықаралық, тіларалық жоба тек бір топ ғалымдардың, сала мамандарының, жалпы ғылыми қауымның ғана қатысуымен іске аса алмайды. Мұны анық біліп, ашық айтуға міндеттіміз. Халықаралық, мемлекетаралық деңгейде жүзеге асатын ауқымы зор іске түрік елдерінің өзара келісімі мен дипломатиялық, саяси-экономикалық қолдаулары да сөзсіз қажет. Егер олай

жасалмаса, бұл шаруа жекелеген сала ғалымдарының немесе белгілі бір ғылыми топтың идеясы ретінде ғана қалып қояды да, көздеген мақсатына жете алмайды. Оған жол беруге болмайды. Өйткені ол бүкіл түрік жұртының ұтылысы болар еді. Қазіргі ғылым мен технология ғасырында әлемдегі 300 миллион түрік халқының өзге тілдерге жүгініп, өзара ғылыми ақпарат алмасатын жалпытүрік терминқорының, ортақ ғылым тілінің қалыптаспауы бүгінгі көштің алдында келе жатқанын көрсетпейді. Түрік жұрты дәл қазір сол көшті бастап кетпесе де, оның алдыңғы легінде, ең болмаса бел ортасында жүруге ұмтылуға хақылы әрі міндетті болса керек.

Түрік тілдерінің терминологиясын ортақтастырып, жалпытүріктік терминқор құруда ескермеуге болмайтын тағы бір қиындық бар. Ол қазіргі уақытта Ресей федерациясы құрамында өмір сүріп жатқан татар, башқұрт, хакас, қырым татарлары, саха, тыба, чуваш және басқа да шет мемлекеттерде тұрып жатқан түрік халықтарымен терминологиялық жұмыстарды бірлесіп жүргізудің, өзара терминалмасудың қиындығы. Олармен ғылыми-мәдени қарым-қатынасты нығайтып, тілдік байланыстар орнату айналып келгенде мемлекетаралық саяси-дипломатиялық қатынастар негізінде қабылданатын саяси шешімдерге барып тіреледі. Өз ана тілінде білім алмаған, ғылыми шығармашылығы мен кәсіби қызметін тұрып жатқан елінің мемлекеттік тілінде іске асыратын түрік халықтарының өкілдері бұл үдеріске қосылуы қиын және аса мүдделі де болмауы мүмкін. Бұл да бізді ойландыруға тиіс, әрқашан шешімін күтіп бір бүйірімізде тұратын мәселе.

Ал түрік халықтарының ортақ ғылым тілін, жалпытүрік терминқорын қалыптастыруға саяси срік-жігері, экономикалық мүмкіндігі, ғылыми-мәдени әлеуеті бар жұрттар істі жұмыла қолға алып, кешеуілдетпей кірісіп кетсе, болашақта түрік тілдік ареалының біртіндеп кеңейіп, сол аумақтағы ортақ ғылым тілі қызметі де орнығарына сенім бар.

Енді осы бағытта істерімізде неден бастау қажет деген мәселеге келсек, ең алдымен ғылыми негізделген қағидаттарын, терминқор қалыптастырудың ішкі-сыртқы көздері мен тәсілдерін бірлесе белгілеп, одан соң соларды пайдалана отырып жоспарлы, жүйелі жұмыс атқаратын құрылым, өкілетті органдар құрылуы қажет. Әрине мұның бәрін мүдделі тараптардың келісіп-кеңесіп шешуге тиіс. Құр айтып қана қоймай, осы мәселені біраз уақыттан бері көтеріп, зерттеп жүрген лингвист ретінде біз де өз тарапымыздан ұсыныс, тұжырымдарымызды ғылыми қауымның ортасына салуды міндет санаймыз.

Жалпытүрік терминқорын қалыптастыру қағидаттары

1. Тарихи жазба ескерткіштер мен әдеби мұралардан туысқан халықтардың барлығына немесе көпшілігіне ортақ байырғы түрік сөзін термин ретінде қабылдау.

2. Қазіргі бір немесе бірнеше түрік тілінің терминологиясында қолданылып жүрген ұтымды терминдерді таңдап, жалпытүрік термині ретінде бекіту.

3. Түрік тілдерінің сөзжасам, терминжасам тәсілдері арқылы жаңа терминдер жасап, жалпытүрік терминқорын толықтырып отыру.

4. Шет тілі терминдерін түрік тілдерінің фоно-морфологиялық заңдарына сәйкестендіріп бір көзден (тілден) қабылдап, жаппай қолданысқа енгізу. (Көптеген түрік тілдеріндегі грек, латын және ағылшын, француз, неміс және басқа да тілдерден енген терминдер орыс тіліндегі қалпында қолданылады. Соларды түрік тілдерінің барлығына бірдей әрі түпнұсқадан да алшақ кетпейтіндей пішінге келтіру мәселесі шешілуге тиіс).

Жалпытүрік терминқорын қалыптастыру көздері

А) Түрік халықтарына ортақ барлық тарихи ескерткіштер, эпостық, лиро-эпостық жырлар, тарихи дастандар. Ортақ түрік жазба мұраларынан Күлтегін, Тоныкөк сияқты көне түркі жазбалары, М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» (Түркиялық ғалым док.проф. İbrahim Şahin, барлық түрік халықтарына ортақ көз ретінде М.Қашқаридың

«Диуани лұғат ат-түрк) еңбегін пайдалауды ұсынады [7, 133 б.]. Біз ғалым пікірін қолдаймыз. Алайда біз бір ғана еңбекпен шектелмей, басқа да барлық ескерткіштер мен тарихи, әдеби мұраларды пайдалану қажет деген пікірдеміз» сөздігі, Ж.Баласағұнның «Құтты білік» кітабы, Хорезм, Алтынорда, Қыпшақ, Шағатай және Көне Анадолы түрік тіліндегі ескерткіштер және т.б.

Ә) Қазіргі түрік тілдері. Барлық қазіргі түрік тілдерінің лексикалық қорындағы төл сөздер мен терминдер ұғымды дәл беретін әрі ұтымды жасалған болса, жалпытүрік терминқорына енгізіле алады. Ондай терминдер сала мамандарының талқысынан өткізіп, барлық тілдердің өкілдерінен тұратын құзыретті комиссияның лингвистикалық сараптамасын мақұлдау арқылы іріктеледі.

Б) Шет тілдері. Солардың ішінде ғылымы мен технологиясы өркендеген Еуропа тілдеріне (ағылшын, француз, неміс және т.б.) басымдық беріледі. Тарихи даму барысында қай тілге басымдық беріліп, өзгеріс енгізілуі мүмкін.

Түрік тілдерінің табиғатына сай игеріліп, лексикалық қорға әбден сіңіп, орныққан *кітап, дәптер, қалам, мұғалім, ұстаз, уақыт, заман* және т.б. араб, парсы сөздері түрік тілдерінде қала береді.

Жалпытүрік терминқорын қалыптастыру тетігі

1. Барлық түрік тілдерінің әдеби тілін, ғылым тілін, терминологиясын, тарихи көздерін, терминжасам тәсілдерін терең зерттеп, бар зерттеулерді жинақтап, қорытып, ғылыми еңбектер жариялайтын, теориялық тұжырымдар жасап, практикалық құралдар (оқулықтар, оқу құралдарын, сөздіктер және т.б.), әдістемелік еңбектер, анықтамалықтар дайындайтын ғылыми институт құру.

2. Түрік халықтары тілдері терминологияларын біріздендіру, ұсынылған ортақ терминдерді бекіту, қолданысын қадағалау, реттеу, стандарттау сияқты терминологиялық жұмыстарды жүзеге асыратын комитет немесе комиссия құру (TURTERKOM).

Қорытынды. Түрік тілдерінің ортақ терминқорын қалыптастыру – ғылыми, мәдени және өркениеттік тұрғыдан стратегиялық маңызы бар міндет. Бұл жұмыс тарихи жазба мұраларды, қазіргі түрік тілдерінің ішкі мүмкіндіктерін және халықаралық терминалмасын тәжірибесін ұштастыра отырып, ортақ қағидаттар мен тұрақты институционалдық тетіктерге сүйенген жағдайда ғана нәтижелі болады. XX ғасыр басында Алаш қайраткерлері қазақ тілінде баламасы жоқ жағдайда туысқан түрік халықтарының тілдерінен ұтымды термин қабылдау қағидатын ұсынғанымен, кейінгі кеңестік тіл саясаты бұл бағыттың жүйелі жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Тәуелсіздік кезеңінде аталған ұстаным терминжасам қағидаттарына қайта енгізілгенімен, іс жүзінде түрік халықтары арасында жүйелі терминалмасын қалыптаспады. Бүгінгі күні де түрік тілдерінің бір-бірінен қабылдаған терминдері санаулы ғана, ал түрік тілдерінен термин қабылдау тәжірибесі салыстырмалы түрде Түркиядағы XX ғасырдың алғашқы тіл реформасы кезеңінде ғана біршама нәтижелі жүзеге асырылды. Сондықтан жалпытүріктік терминқор қалыптастыру мәселесін теориялық деңгейде көтерумен шектелмей, түрік халықтарының терминологиялық қорындағы ұтымды атауларды өзара пайдалануды нақты ғылыми және институционалдық деңгейде қайта жандандыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Двенадцатый съезд РКП(б) : стенографический отчёт [Текст]. – М. : Политиздат, 1968. – 903 с.

2 Лю, Сяньчжун. Плюсы и минусы политики «коренизации» СССР в 1920-е годы [Текст] / Лю Сяньчжун // Ойкумена. Регионоведческие исследования. – 2014. – № 1(28). – С. 41–49.

3 Первый Всесоюзный Тюркологический Съезд. 26 февраля – 5 марта 1926 г. (стенографический отчет) [Текст]. – Баку : АССР, 1926 ; Баку : Нагыл Еви, 2011. – 552 с.

4 Досмұхамедұлы, Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы [Текст] / Х. Досмұхамедұлы // Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 384 б.

5 Байтұрсынұлы, А. Қазақша сөз жазушылар диқатына [Текст] / А. Байтұрсынұлы // Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы : бестомдық. – 5-т. – Алматы : Smart University Press, 2023. – 780 б.

6 Nişanyan Sözlük [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.nisanyansozluk.com/> (қаралған күні: 08.04.2026).

7 Şahin, İbrahim. Türk devletler teşkilatı, Türklüğün geleceği ve terim sorunu: ata mirası temelinde ayırıştırıcı değil birleştirici terminolojiye geçiş [Text] / İbrahim Şahin // Avrasya Terim Dergisi. – 2023. – Vol. 11. – No. 3. – P. 124–134.

REFERENCES

1 Dvenadcatyj s"ezd RKP(b): stenograficheskiy otchet. [Twelfth Congress of the Russian Communist Party (Bolsheviks): Stenographic Report]. Moscow: Politizdat, 1968. 903 s. – (In Rus).

2 Lyu, Syan'chzhun. Plyusy i minusy politiki «korenizacii» SSSR v 1920-e gody [Advantages and Disadvantages of the USSR's Korenizatsiya Policy in the 1920s]. Ojkumena. Regionovedcheskie issledovaniya. 2014. No. 1(28). S. 41–49. – (In Rus).

3 Pervyj Vsesoyuznyj Tyurkologicheskiy S"ezd. 26 fevralya – 5 marta 1926 g. (stenograficheskiy otchet). [First All-Union Turkological Congress. February 26 – March 5, 1926 (Stenographic Report)]. Baku: ASSR, 1926; Baku: Nagyl Evi, 2011. 552 s. – (In Rus).

4 Dosmyhamedyly, H. Kazakh-kyrgyz tilindegi singarmonizm zany [The Law of Vowel Harmony in the Kazakh-Kyrgyz Language]. In: Dosmyhamedyly H. Tandamaly. Almaty: Ana tili, 1998. 384 b. – (In Kaz).

5 Bajtyrsynyly, A. Kazakhsha soz zhazushylar dikatyna [To Those Who Write Words in Kazakh]. In: Ahmet Bajtyrsynyly. Shygarmalarynyn akademiyaik tolyk zhinagy: bestomdyk. Vol. 5. Almaty: Smart University Press, 2023. 780 b. – (In Kaz).

6 Nişanyan Sözlük. [Electronic resource]. Available at: <https://www.nisanyansozluk.com/> (accessed: 08.04.2026).

7 Şahin, İbrahim. Türk devletler teşkilatı, Türklüğün geleceği ve terim sorunu: ata mirası temelinde ayırıştırıcı değil birleştirici terminolojiye geçiş. Avrasya Terim Dergisi. 2023. Vol. 11. No. 3. P. 124–134. – (In Tur).